

**Қарабаева К.У.,\* Молдаш Б.А., Қансейтова А.К.**

а.ш.ғ к., доцент ХГТУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, ХГТУ, Шымкент, Қазақстан

магистр ХГТУ, Шымкент, Қазақстан

**КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ: ТҮЛҒА, ТАҒДЫР, ДӘУІР**

Автор корреспондент: [karabaeva.k@mail.ru](mailto:karabaeva.k@mail.ru)

**Түйін:** Бұл мақалада қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлы туралы баяндалады. Қазақтың соңғы ханы Кенесарыны білмейтін қазақ жоқ шығар. Кезінде азаттық үшін шайқаста Кенесары хан қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда, патша әкімдерімен құпия байланыста тұрған қырғыздар оған мойынсұнбады. Кенесары хан оларға шабуыл жасады. Өз жақтастарының опасыздық салдарынан Кенесары мен Наурызбай батыр дұшпандардың қолына түседі. 1847 жылы Кенесары хан Қырғызстанның Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғарында осылайша айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жіберді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық берді. Сол кездегі орыс патшайымы Екатерина Кенесарының бас сүйегіне алтын құйдырып, күл салғыш жасатады.

**Кілттік сөздер:** Қазақ хандығына 555 жыл, Наурызбай батыр, «Хан Кенені қайтарамыз!», Эрмитаж, Кунсткамера

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс отаршылдығына қарсы ұран көтеріп атқа қонған ұлы қолбасшысы, баһадүр хан бабалардың тұяғы, қазақтың ең соңғы ханы Кенесарының туғанына биылғы жылы – 219 жыл, хан Кененің інісі, арыстан жүректі айтулы батыр Наурызбайдың туғанына - 199 жыл толады. Осы айтулы күндерді жыл басынан бастап ескеріп отыру мақсатымен мен өз ғылыми жобамды Қазақтың соңғы ханы, қас батыры Хан Кененің бас сүйегін кеше ғана өткен Қазақ хандығының 555 жылдық мерей тойы, Кенесары ханның туғанына 219 жыл толуы қарсаңында елге қайтару идеясын жүзеге асыру мақсатында алып отырмын. Бұған дейін қазақтың соңғы ханы Кенесарының бас сүйегін ресейден қайтарып алу мәселесі талай көтерілген болатын. Тіпті, «Кенесары ханды қайтарамыз!» қозғалысының белсенділері Ресей федерациясының президенті Владимир Путинге ресми түрде екі рет петиция жолдаған-ды. Енді Қазақ хандығының 555 жылдығына орай үшінші мәрте петиция жолданбақ. Елінің тәуелсіздігін сақтау жолында Ұлт-азаттық көтеріліс жасап, қасық қаны қалғанша күрескен Кенесары ханның бас сүйегін туған жеріне әкеліп арулап жерлеу-әрбір қазақтың қасиетті парызы. Сол парызды орындау үшін Ресей заңына сәйкес 1 миллион адамның қолын жинау қажет екен. Ресей президент сонда ғана бұл мәселені ресми түрде шешуге келісім берді. «Хан Кенені қайтарамыз!» қозғалысының ұйымдастырушысының айтуынша, қазір Кенесарының қасиетті басын елге қайтаруды қолдап қол қойған 100 мың адам бар екен. Кенесары – қазақтың тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға. Қазақ халқында «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Біз сол қазақ тәуелсіздігі жолында шейіт болған бабаларымызды құрметтеуге, қастерлеуге тиіспіз. Ол үшін біріншіден Хан Кененің қасиетті басын қайтарып алу ісі толықтай елдің арманы мен ұлттың мақсат-мұратына айналуы керек. Екіншіден, мұндай мәселе қоғам тарапынан қолдауға ие болып, Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің арасындағы саяси дипломатия шеңберінде шешілгені дұрыс. Үшіншіден, Хан Кененің Қырғызстанда жерленген мүрдесін табу аса қиын шаруа. Ол сүйек табылмауыда мүмкін. Сондықтан да заңды жолмен Ресейдегі бас сүйекті елге әкелудің жолдарын Қазақ хандығының 555 жылдық мерейтойы қарсаңында халық болып жүзеге асырғанымыз жөн деп білемін. Осы мақсатта 12 тамыз күні Ресей премьері Дмитрий Медведев пен премьер-министр Кәріс Мәсімов кездесіп, Қазақстанға Кенесары хан мен Кейкі батырдың бас сүйектерін қайтару мәселесін қозғады. Д.А. Медведевпен кездесу барысында «Кенесары ханның ғана емес, Кейкі батырдың да басын қайтару мәселесін көтеруді жоспарлап отырмын» деп жазды. Премьер-министер сөзінде

тұрып, Ресей премьер-министрі Д.Медведевке өз өтінішін, қазақ елінің өтінішін жеткізді. Көңілге үміт ұялатқан мұндай бастаманың мемлекет деңгейінде көтеріліп отырғанына баршамыздың ішіміз жылыды, әрине. Қазақтың маңдайалды батырларының басы соңғы мәліметтер бойынша Ресейге жөнелтілген. Алайда оның Ресей аумағында мұражайға қойылғаны немесе мұрағатта сақталғаны туралы нақты дерек жоқ. Орыс басқыншыларынан қазақ даласын азат етуші көтерілісті бастаған Кенесары Қасымұлы қазіргі Қырғызстан елінің территориясында қаза тапқан. Кейбір деректер бойынша, оның басын ақ патшаға жіберген, тіпті Эрмитаждың Кунсткамера мұрағатында сақтаулы дейді, бірақ ешқашан көпшілік назарына ұсынылмаған. Жалпы, ұлт көшбасшысы, жұмысшылардың құдайы Лениннің басын ғана емес, бүкіл денесін сақтап отырған ел үшін Кенесарының басын сақтау қиындық тудырмас. Кейбір деректер Кенесарының басы әуелде Омск қаласында болған, тек кейіннен ғана Эрмитажға жіберілген деген байламға тоқтайды. Бірақ өз бетінше зерттеу жүргізген қазақ зиялыларының бірде-бірі Кенесары туралы құжаттардың ізіне түсе алмады. Тек кейбір үстіртін мағлұматтар жазылған құжаттар немесе күнделік, дәптерлер болмаса, мөр қойылған маңызды құжаттарға тыйым салынып, сырт адамдарға рұқсат жоқ. Себебі, оларға «Қатаң құпия» немесе «Өз қызметкерлеріне ғана рұқсат» деген белгілер кездесе берген. Осыдан екі жыл бұрын ғалым Сұлтан хан Аққұлының зерттеуінде тың деректерге қол жеткізді. Ол Омскіде аймақтанушы Андрей Палашенковтың (1886-1971) жеке мұрағатындағы дәптерінде біраз мәлімет тапқан. Мұнда қарындашпен «Батыс Сібір бас басқармасының мұрағаттар бумасының арасында әдебиетші Сергей Марковтың жазуынша осы жерде, яғни канцелярияда бүлікші сұлтан Кенесары Қасымов туралы істі ұстаған» деп жазылған. Бұл істің айрықша қосымшасы ретінде — маңдайына қазына мөрі қойылған бассүйек бар. Бұл Абылайханның немересі — Кенесары Қасымовтың басы» деген жазбаға жолығады. Бірақ бұл іс туралы да, оның қосымшасы туралы да мәліметтер ізім-ғайым жоқ. Ал қатаң құпиялы құжаттарға рұқсат беретін жалғыз адам — ведомство директоры еңбек демалысына аттанып кеткен. Осылайша Кенесары туралы құжаттарды табу одан сайын алыстап, қиындай түскендей еді. Ғалымдардың көпшілігі бұл істің Мәскеу асып, Петербургқа жеткеніне шүбә келтірмейді. Десе де маңызды құжатты іздейтін қалалар белгілі: Омск, Мәскеу және Петербург. Бағыт түзу, бірақ басшылық рұқсаты жоқ. Сондықтан іздеу жұмыстары жыл сайын жаңартылса да, тың мәліметтерге қол жеткізген жоқ. Тіпті соңғы жылдары қазақ зиялылары бұл мәселені мемлекет деңгейінде көтеруді де ұсынғанына біраз болды. Олай болса Қазақ елінің Үкімет басшысының өтініші жерде қалмай, сұрағанымыз қолымызға тиеді деген үмітте болдық.

Кунсткамера Кейкінің бас сүйегін қайтаруға әзір деп хабарлады [«Радио Балтика»](#) радиосы РҒА Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі директорының орынбасары Ефим Резванға сілтеме жасай отырып. «Кейкі батырдың бас сүйегі бізде. Оны біз жасырған емеспіз. Ол қорда сақтаулы, көпшілік назарына ешқашан қойылған емес. Егер де осындай жарлық шықса, оны бермеуге басқа ешқандай кедергі жоқ», — деп түсіндірді Резван. Мұражай басшысының орынбасары Кунсткамерада Кенесарының басы сақталмағандығын да жеткізді. Бас сүйектің қайда екендігі әзірге белгісіз, деп мәлімдеді музейдегілер

«Бізге Қазақстанның мәдениет министрі келген, оған барлық қорды көрсеттік. Сондай-ақ Қазақстаннан келген әріптестер музейге келіп түсетін жәдігерлерді тіркейтін құжаттарды қарап шықты. Әрі олар Кенесарының бас сүйегі бізде болмағанына көз жеткізді», — деді Резван. Кезінде Кенесарының басы Мәскеуде, не Санкт-Петербургда болғаны рас. Бірақ одан кейін 1917 жылы ревалюция өтті. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл кезде «Эрмитаж», «Кунсткамера» сынды мұражайлардың жәдігерлері Куйбышев және Самара қалаларына апарып тапсырылған. Сондықтан, Кенесары ханның басын табу қазір өте қиын, қайда жатқанын ешкім дөп басып айта алмайды. Мұны бір деп қойыңыз. Екіншіден, бүгінгі Ресей билігі бұрынғы империалистік саясатқа көшкен. Олар ханның басын жасырып, әдей бермей отыруы да мүмкін. Өйткені орыстардың варварлық

әдеттері бар.Естеріңізде болсын,адамның бас сүйектерін сақтау немесе Ленинді жерлемеу сынды әрекеттерді варварлық деп атайды,бұл мәдениетсіздіктің шектен шыққан түрі.Адам қайтыс болған соң жерлену керек.Ленинді жер қойнауына табыстау мәселесін Ресей либералдары көтеріп жатыр,қазірде.Алайда,өте нәтежиесіз.Адамның қалдықтарын сақтап қою деген «мәдениет» көне варварлық мемлекеттерде ғана болған.Мен осы бабамыздың бас сүйегі табылмай қалады ма деп қорқамын немесе орыс билігі «мынау Кенесарының басы» деп кез-келген сүйекті бере салуы да мүмкін. Бұл мәселе Кеңес Одағынан бері көтеріліп келе жатыр, сол кезден бері бірнеше рет Ресейге сұрау жіберді. Менің ойымша, орыстар жағы ханның басын жасырып, бермей отыр. Олар «бізде жоқ» деген қысқа ғана жауаппен шектеліп келеді. Алайда, ертеректегі саясаткерлердің, ғалымдардың жазбаларында Кенесары басының Ресей жеріне әкетілгендігі айтылады. Біз осыны айтсақ, «рас, бастапқыда болған шығар, бірақ кейін жоғалған» деп сылтау айта салады. Қазақстан тарапы іздеуіндей іздеп жатыр.

Менің пікірімше, адамның басын кептіріп қойып сақтау ешқандай өркениетке сыймайтын дүние. Шындығын айтқанда, бұл жауыздықтан, өшпенділіктен туатын сорақы әрекет. Яғни, өздерінің осындай әрекеттерін жасыру үшін Ресей билігі бізде жоқ деп келеді. Өзіңіз ойлап көріңіз, егер олар қазір бізге басты қайтаратын болса әлем не дейді Ресейге? Саналы адам үшін бұл нағыз жауыздықтың шегі емес пе?! Ата жауыңа тілемейсің ғой мұндайды. Адамның бас сүйегінен күлсалғыш жасау деген анау ортағасырдың арғы жағындағы жабайы халықтардың «мәдениеті». Өздеріңіз білетіндей Кенесары ұрпақтарын зерттеуші ғалым Рашид Оразовтың айтуынша,орыс патшайымы Екаторина Кенесарының бас сүйегіне алтын құйдырып күлсалғыш жасатқан деген болжамдар бұған дейін айтылған деген еді.Сол үшін орыстар мұнысын жасырып, Кенесарының басын әдейі бермей отыр деп ойлаймын.Сондай ақ іргедегі Ресей билігі ақ патшаның сүйегін тауып арулап жерлегенін,оған арнап еңселі ескерткіш қойғанын тілге тиек еткім келеді. «Ресей тіпті,Колчактың өзіне құрмет көрсетіп жатыр.Біз солардан үлгі алып,Кенесарының әруағына тағызым жазап,оның мүрдесін табуға тиіспіз.Себебі,Кенесары-қазақтың соңғы ханы.Түркияға барған сапарында Нұрсұлтан Назарбаев «қазақтың ең соңғы ханы өлтірілген соң,елімізде отарлау саясаты күшейгенін» айтқан еді.Оның бас сүйегінің елге келуі 555 жылдық тарихы бар Қазақ хандығының өміршеңдігін көрсетеді.Мамандар Қазақ хандығының 555 жылдығы қарсаңында тек Кенесары ханның басын елге қайтарумен ғана шектеліп қалмау қажеттілігін айтады. «Кенесары хан» қоғамдық қорының директоры Мұхтархан Абаған бір сөзінде: «Кенесарының басын іздейтін түрлі ұйымдардың,зиялылардың,ғалымдардың басы бір арнаға тоғыса қойған жоқ.Бұл мәселені түбегейлі шешу үшін алдымен өзіміз бір жағадан бас шығарып алуымыз керек»деген еді.Бұл бір.Менің айтқым келген екінші мәселе «Кенесарының басын әкелуге миллион адам жинау керек» деп жұмысты бір жақты ғана жүргізуге болмайды.Осы бағытта түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастырып,қолдан келген шаруаларды атқарған жөн.Мысалға,менің ойымша Кенесарының атына қазақтың барлық қаласынан көше беру мәселесін қолға алатын кез келді.Алматыдағы Фурманов көшесін Кенесарының атына беруге болады.Өйткені Кенесары бұданда үлкен құрметке лайық тұлға.Кенесары қазақ тәуелсіздігін сақтауды мақсат етті.Тарихшылар оның отаршылдарға қарсы соғысты бірден бастамағанын дәлелдеді.Ол бірнеше мәрте дипломатиялық қадамдар жасап, І Николай патшаға,Орынбор генерал-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д.Горчаковке хат жолдап,тиісті талаптарын қойған. Ел қорғаған, қазақтың елі мен жерін қорғаған хандар мен батырларды құрметтей білмеу - күнәһарлық. Иә, барып тұрған күнәһарлық. Мәселен, дағыстандықтар не істеді? Кремльге қайта-қайта ұсыныс жасап жүріп имам Шәмілдің сүйегін Дағыстанға әкеп жерледі. Бұл ретте Ресей зиялылары да көп іс тындырды. Ал бізше?Тарихшы-ғалымдардың айтуы бойынша, Кенесары ханның денесіше қараның маңында (Қаракөмерден онша алыс емес жерде) жатыр, ал басы... Ханның басы Ресейде екені, Ресейдің арнаулы орындарының бірін де екені мәлім. Қазір ел арасында мынадай

сөз жиі айтылып жүр: «Кенесары ханның басы мен денесі қосылмайынша, қазақтың басы да қосылмайды!» Шын мәнін де, Кенесары ханның басы мен денесін тауып, оны құрметтеп қайта жерлеу – біздің аруақтардың және ұрпақтарымыздың алдындағы парызымыз ғана емес, сонымен бірге бұл – халқымызды дүр сілкіндіретін, оның рухын оятатын ірі шара да болмақ. Қазір Қазақстанда кім көп, тоғышарлар мен мәңгүрттер көп. Тарихымызға, тілімізге, дәстүрімізге, ұлттық өнерімізге бей жай қарайтын салғырттар көп. Кенесары ханның басы мен денесінің қосылуы - осы тоғышарлар мен салғырттардың да санасының оянып, олардыңайналасына бей жай қарамауға игі әсерін тигізетіні сөзсіз. «Құдай - мінсіз, аруақ - үнсіз» дейді қазақ. Аруақтар бәрін үнсіз бақылап-көріп жатады. Аруақтарға шет болмас үшін де біз Кенесары ханның сүйегі мен басын қайткен күнде де, қандай жолмен болса да тауып, оны Ұлытаудың етегіне, Алаша хан мен Жошы ханның жанындағы қасиетті де киелі жерге жерлеуіміз керек. Бұл іс, бұл тірлік - баршамызғасын. Кез келген халықтың өрлеуі, өркендеуі арылудан басталады. Әсіресе, аруақтардың алдындағы арылудан. «Өлі риза болмай, тірі байымайды», «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деп бекер айтпаған қазақ. Халқымыздың «Құдай оңдасын, Әруақ қолдасын!» деуінде де мән бар. Өйткені, олар үшін өткен (аруақ) мен болашақ (ұрпақ) – бір тұтас. Ахмед. Яссауи қорымына жерленген Есім хан, Абылай хан, Жәңгір хан, Бөгенбай батыр, Жәнібек-тархандардың да сүйегін қайтатауып, нақтылап (ДНК-анализ арқылы), оларды қайта жерлеуді ұйымдастыруымыз керек. Тарихқа назар аударған да, олардың «ақсүйек», «қарасүйек», не болмаса «ұлыжүз», «орта жүз», «кішіжүз» екеніне емес, халыққа қаншалықты адал әрі беріле қызмет еткеніне жете көңіл бөлінгені жөн... Халықтың қаржысына, халықтан жиналған қаржыға «Тәуелсіз Қазақстан үшін қан төккен ерлердің қабірстаны (пантеон)» деген арнаулы орын даярланып, ол жерде кешегі Жұмабай Тәшеновтен бастап Желтоқсан батырларына дейін еске алынса, бұл да кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге, зор тағлым болар еді. Ең жаман нәрсе жадысыздықтанту атын жауапсыз нәрсе - әрекетсіздік. 1920-30 жылдардағы аштықта қазақ халқының жартысынан астамы қырылып қалса да, біздің бұл нәубетке әлі күнге дейін саяси баға бере алмай отыруымыз да - осы әрекетсіздіктен. Енді шегінетін жер қалған жоқ. Біз бұл үндеу хатты қазақ зиялыларына, қазақ ақсақалдарына, жалпы күллі қазақстандықтарға бағыштап жазып отырмыз. Жоғарыдағы игілікті істерді тындыру үшін қаржыны өз қолымызбен жинасақ қайтеді? Бір адам он адамды оятса, он адам мың адамды оятып, көп болып, ел болып, халық болып, осы істің аяғына жетуге неге болмасын?! Қазақтың соңғы ханы Кенесарыны білмейтін қазақ жоқ шығар. Кезінде азаттық үшін шайқаста Кенесары хан қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда, патша әкімдерімен құпия байланыста тұрған қырғыздар оған мойынсұнбады. Кенесары хан оларға шабуыл жасады. Өз жақтастарының опасыздық салдарынан Кенесары мен Наурызбай батыр дұшпандардың қолына түседі. 1847 жылы Кенесары хан Қырғызстанның Жетіжал жотасының оңтүстік алабындағы Кекілік-Сенгір аңғарында осылайша айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жіберді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық берді. Сол кездегі орыс патшайымы Екатерина Кенесарының бас сүйегіне алтын құйдырып, күл салғыш жасатады. Кейіннен ол жәдігер ретінде Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитажда сақталады. Қазір қазақ ғалымдары Кенесары ханның басын қайтаруға күш салуда, бірақ әзірге нәтиже жоқ.

Көріпкел Ванганың айтуына қарағанда егер Кенесарының басын денесімен қоса жерлесе, қазақтың күні оңынан туады, мың-санға бөлінген қазақ бір ту астына бірігеді. Лайым солай болғай... Кенесары хан басының тез табылуын тілейік те, табыларына сенейік... негізінде өзім көріпкелдерге, палшыларға сенбеймін, бірақ осыған сенгім келеді. Біздің Отанымызда – ортақ, тарихымызда да – ортақ, үйімізде ортақ. Сондықтан да бұл іске қазақтың ұлтын сүйген, ұлт жанашырларымен, қиын жылдарда осы қазақ даласына келіп, осы жерде

өсіп-өніп отырған өзге ұлттың өкілдеріде үлес қосса деген үміттеміз,және біз оған сенеміз!

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қасымов.Ж.Даланың ержүрек митридаты//Қазақ батырлары1992
- 2.Құсаинов.Қ.Кешегі өткен Кенекен//Халық кеңесі 1992
- 3.Хан Кене/Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар
- 4.Тәкен.Ә.С.Қазақ тарихының зары//1996
- 5.Қазақстан тарихы очерктер.Алматы 1993
- 6.Мырзахметов.Е.Хан Кененің оң қолы/Қазақ әдебиеті
- 8,Қадыржан Әбуев.Қазақстн:тарих және тағылым
7. Интернет желісі
- 8 <https://baq.kz/kk> сайтынан жүктеме

**Аннотация:** В этой статье последнего хана казахского народа Кенесары Касымұлы о баянлады. У казахов нет, не знающего последнего казахского хана Кенесары. Во время войны за освобождение Кенесары хан требовал подчинения киргизским манапам. Однако киргизы, которые находились в тайном контакте с царскими акимами, не послушались ему. Хан Кенесары совершил нападение на них. Из-за измены своих сторонников Кенесары и Наурызбай батыр попадают в руки врагов. В 1847 году Кенесары хан был убит айуаном в долине Кекилик-Сенгир в Южном массиве хребта Жетижал Кыргызстана. Враги отрезали его голову и отправили в российскую администрацию. Князь Горчаков приказал сохранить начало Кенесары в Главном управлении Западно-Сибири «о бунте Кенесары».Тогда русская королева Екатерина переливает золото в черепе Кенесары и создает золу.

**Abstract:** In this article, the last Khan of the Kazakh people Kenesary Kasymuly about banality. The Kazakhs do not have Kenesary, who does not know the last Kazakh Khan. During the war for the liberation of kenesara Khan demanded submission to the Kyrgyz Manap. However, the Kirghiz, who were in secret contact with the Royal governors, did not obey him. Kenesary Khan attacked them. Because of the betrayal of their supporters Kenesary and Nauryzbay Batyr fall into the hands of enemies. In 1847, Kenesary Khan was killed by yaanom valley Kekili Singer in the mountains South of the ridge Retiral Kyrgyzstan. His enemies cut off his head and sent him to the Russian administration. Prince Gorchakov ordered preserve the beginning of Kenesary in the Main governance West Siberia "about revolt Kenesary."Then the Russian Queen Catherine pours gold into kenesara's skull and creates ash.